



«Евразийский национальный
университет имени Л.Н.Гумилева»
Экономический факультет
Кафедра учет и анализа



ФГАОУ ВО «Российский
университет дружбы народов»
Экономический факультет
Кафедра бухгалтерского учета,
аудита и статистики

**«МЕЖДУНАРОДНЫЕ СТАНДАРТЫ УЧЕТА И АУДИТА:
КЛЮЧЕВЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ И НЮАНСЫ ПЕРЕХОДА В
УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ»**

**Сборник On-line Международной научно-практической
конференции 21 февраля 2025 года**

УДК 657(47+57)
ББК 65.053
П78

Рекомендовано к печати Ученым советом
Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

Рецензент – PhD, доцент *Каршалова А.Д.*

Научные редакторы:

заведующая кафедрой учета и анализа ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат
экономических наук, ассоциированный профессор *Г.Д.Аманова*
PhD, и.о.доцент ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Жолаева М.А.
заведующая кафедрой бухгалтерского учета, аудита и статистики РУДН, кандидат
экономических наук, доцент *Л.Н.Сорокина*

**П78 «Международные стандарты учета и аудита:
практика применения в условиях цифровой экономики»:** сборник статей
Международной научно-практической конференции. Астана, ЕНУ им
Л.Н.Гумилева, 2025. – 304 с.

ISBN 978 601 337 121 4

Сборник статей научно-исследовательских работ студентов, магистрантов,
докторантов, профессорско-преподавательского состава по итогам Международной
научно-практической конференции 21 февраля 2025 г.

Предназначен для широкого круга читателей.

Электронная версия материалов сборника размещается на сайте www.enu.kz

*Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам,
представленным в электронном виде. Ответственность за содержание материалов
несут авторы статей.*

© Коллектив авторов, 2025
© ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2025
© РУДН, 2025

ISBN 978 601 337 121 4

СОДЕРЖАНИЕ

Абдула-Заде Георгий Заурови., Петровская М.В. Новые аспекты налоговой среды 2025	6
Абдулина Мадина Ельнуровна Теория и практика применения ISSAI в системе Государственного аудита Республики Казахстан	10
Кумехов К.К., Шахарова А.Е., Абдулина М.Е. Теория и практика применения ISSAI в системе Государственного аудита Республики Казахстан	13
Айболатова Аяжан Айболатовна., Садуакасова Кунсулу Жилкайдаровна. Интеграция корпоративного учета и анализа в процесс мониторинга и аудита госзакупок в Казахстане: вызовы и перспективы	16
Алайи Кибанду., Ольга Николаевна Протасова. Бухгалтерский учёт и аудит финансовых результатов в условиях цифровой трансформации	19
Алтынбек Айгерим Бакыткызы., Жаксыбеков Алишер Алматович. Новые направления в национальных стандартах учета и аудита в свете поддержке бизнеса в связи с пандемией	23
Антонов Даниил Евгеньевич, Влияние цифровой экономики на развитие методов бухгалтерского учёта	27
Асадилобеков Руслан Шодмонбекович., Мартынович Светлана Николаевна. Противодействие корпоротивной коррупции	30
Афонин С.Д, Абуева М.М. Востребованность профессии бухгалтера и аудиторов эпоху цифровизации	35
Ахмад Заки. Китайские инвестиции как ключевой фактор поддержки и развития российской экономики в условиях санкций Запада	38
Әнел-Ханым Сабитова., Садуакасова Кунсулу Жилкайдаровна. Инструменты системы внутреннего контроля предприятий нефтедобывающей отрасли	42
Абуева Милана Магомед-Салиевна., Батжаргал Батцэцэг. Роль комплаенса и корпоративных расследований в противодействии корпоративным преступлениям	47
Балкунов Юрий Викторович, Петровская Мария Владимировна., Проблемы развития управленческого анализа в Российской Федерации	50
Бекмырзаев Алтынбек. Финансовые результаты деятельности организации и оценка эффективности их использования	57
Брук Юлия Михайловна. Налоговая реформа 2025 г. Не забываем «старые» налоговые льготы	60
Ван Линьжуй Тренды международного налогообложения и валютного контроля	64
Ветрова Алина Дмитриевна, Дуброва Марина Викторовна. Финансирование национального проекта «туризм и индустрия гостеприимства» за счет средств федерального бюджета	66
Волдохина Елизавета Александровна Концепция качества аудита: управление ключевыми элементами	70
Глушанков Кирилл Владимирович., Сорокина Лариса Николаевна. Капитализация затрат как способ завышения экономических результатов	75
Громова Ксения Алексеевна., Кумехов Константин Колумбиевич. Цифровизация, как предпосылка формирования новых учетных систем	78
Дикомбаева Каныкей Болотовна Пути эффективности использования собственного капитала	83
Егорова Валерия., Кошурко Владимир., Мартынович Светлана Николаевна. Появление ИИ в национальных стандартах учета и аудита в свете поддержки бизнеса	88
Журкин Даниил Владиславович. Интеграция искусственного интеллекта в аудит	92
Жолаева М.А. Развитие устойчивого развития в бухгалтерском учете - когнитивный	96

и концептуальный подходы	
Захарова Елизавета Юрьевна., Терентьева Татьяна Олеговна. Российские и международные стандарты учета издательской деятельности	101
Искакова Айгуль Болатбековна. Риск-ориентированный подход в системе управления охраной труда на предприятиях	106
Каирканова Зульфия Раисовна., Аманова Г. Data-mining и перспективы применения в аудите: вызовы и преимущества	109
Какен Алуа Азаткызы. Редомициляция компаний в международной практике: деофшоризация и декларирование зарубежных активов	115
Котов Егор Александрович оценка эффективности использования оборотных активов ОАО «РЖД»	119
Кыдырбек Айида Ердоскызы., Садуакасова Кунсулу Жилкайдаровна. Современные цифровые инструменты для повышения качества аудита и выявления мошенничества: кейсы из Казахстана	122
Лай Тху Фыонг. Внедрение МСФО во Вьетнаме: анализ текущей ситуации	128
Маркарян Рубен Мкртичович. Развитие производства вина в Грузии: состояние, проблемы, перспективы	132
Мендыгалиева К.К ., Сорокина Л.Н. Большие данные во внутреннем контроле. Опыт и практические рекомендации	137
Менешова Айгерим Кадирбековна. Роль внутреннего аудита в предотвращении финансовых потерь компании	141
Мұратқызы Ә., Аманова Г.Д. Эволюция международных стандартов учета и аудита в цифровой экономике: конвергенция, риск-ориентированный подход, комплаенс-анализ и роль консолидированной отчетности	144
Владимир Викторович Набатчиков. ГИС-технологии на стыке рисков и возможностей: комплаенс, безопасность и инвестиции в эпоху данных	151
Омукеева Айдай. Анализ эффективности использования нематериальных активов	154
Першина Александра Денисовна., Сидоренко Евгения Олеговна., Неспанова Ирина Викторовна. Внутренний аудит: как достигать результатов и соблюдать баланс интересов	156
Петрунин Дмитрий Александрович Совершенствование прямого метода оценки налогового потенциала региона.	159
Петялина Анна Валентиновна. Типовые схемы и методы мошенничества	162
Потехина Елена Витальевна. Некоторые подходы к оценке инвестиционной привлекательности города Москвы	165
Рамазанова Аружан Куанышовна., Абуева Милана Магомед-Салиевна Манипуляции с финансовой отчетностью	169
Рыбалко Галина Николаевна, Дуброва Марина Викторовна. Развитие внутреннего туризма при реализации национальной цели «устойчивая и динамичная экономика»	172
Рысбек кызы Алия. Анализ эффективности использования основных средств	176
Адилбай Улпан., Сансызбай Аруна., Сағынбаева Алина., Сейтканова Саяна., Шынтас Гулсая. Тренды международного налогообложения и валютного контроля	179
Сериккали Сабит. Достижение высокого уровня прибыльности в амбидекстрии управленческого учета	183
Темфак Джиоги Ален., Петровская Мария Владимировна. Инвестиционная привлекательность компании Камеруна	190
Шамшетов Ербол Бахадурулы., Рыскелдиева Дильназ Талғатбекқызы. Риск ориентированный подход в аудите	193
Шапакова Роза. Оценка платежеспособности предприятия и способы ее обеспечения	196
Magzumova Ayaulym Kazhibekovna., Shakirova Moldir Bolatovna., Abdullina Medina Erzhanovna. Tax exemptions and incentives in developed countries	199

Amankossova Danagul., Nurkasheva N. S. Innovative approaches to financial stability analysis: the role of artificial intelligence, big data and blockchain in modern conditions	203
Bekenova Adiya Kairatova. Automation of accounting	209
Oryntay Aidana Kairatbekkyzy, Pirim Amina Ayankyzy, Sukhankulov Arman Karimovich. Identifying and mitigating fraud risks to improve business integrity and investment attractiveness	214
Popov Georgii Evgenievich. Assessment of investment attractiveness of seaside districts of the Kaliningrad Oblast	219
Hakimova Malika Rahim qizi., Ochilov Ilyos Keldiyorovich. Improving cost accounting and product costing	223
Айсаева Үміт Орысбайқызы., Кайранбеков Бауржан Окташевич Коммерциялық емес ұйымдардағы гранттарды есепке алу: тәуекелдер және оларды басқару	227
Ахибова Айнұр Кинабекқызы., Садуакасова Кунсулу Жилкайдаровна. Қазақстандағы сауда ұйымдарының экспорттық-импорттық операцияларын автоматтандырудың тиімділігі	232
Алшынова Шұғыла Нұрболқызы., Кажмухаметова А.А.Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес бірлескен кәсіпкерліктің ерекшеліктері	236
Жанат Жанерке Мұратқызы., Кажмухаметова А.А. 16 (IFRS) Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес жалдау есебінің ерекшеліктері	241
Ибраева Анель Батырбекқызы., Акимова Бибигуль Жармухаметовна. Қазақстан Республикасындағы бюджеттік мекемелерді қаржыландыру: күйі мен мәселелері	245
Куанышова Асем Жаксыбаевна., Кайранбеков Бауржан Окташевич. Ішкі бақылау жүйесі және оның ұйымның басқару үрдісіне енгізу қажеттілігі	251
Нұржан Лейла Нұртілеуқызы., Кайранбеков Бауржан Окташевич. Кәсіпорынның тәуекелдерді басқару жүйесіндегі басқарушылық талдау	256
Орынбасар Шұға Нұрғалиқызы. Бағамдық айырмашылықтардың бухгалтерлік есептегі ролі	262
Рамазанова Мадина Алтынбековна., Садуакасова Кунсулу Жылкайдаровна Агротехсервис компанияларында Direct costing жүйесінде шығындарды есепке алу	267
Сарман Айнұр Болысбайқызы., Кайранбеков Бауржан Окташевич. Цифрлық экономика дәуіріндегі қаржылық және басқарушылық есептің өзара байланысы	275
Сұлтанова Балнұр Абылайқызы, Садуакасова К.Ж.Көтерме саудада тауарлардың түсуін және өткізілуін есепке алуды ұйымдастыру	281
Тілеухан Гүлзат Серікханқызы. Кірістер мен шығыстарды сызықтық емес бюджеттеу	286
Узбаканова Шынар Берикхановна. Өнеркәсіптік экологиялық инновациялар кәсіпорындар жетістік факторы ретінде қоғамның теңгерімді дамуы	291
Хабибулла Нұрилла Тұрланқызы. Импорттық тауарлардың өзіндік құнын есепке алу әдістемесі	296
Айболатова Аяжан Айболатовна.,Садуакасова Кунсулу Жилкайдаровна. Цифровизация государственной системы закупок: путь к устойчивому и экологически безопасному развитию в Казахстане	300
Parmanova Faina.. Nurkasheva N. S.Accounts payable of the organization in conditions of instability of the economy methodological foundations of management and analysis	304

16 (IFRS) Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес жалдау есебінің ерекшеліктері

Жанат Жанерке Мұратқызы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Есеп және аудит» БББ 3 курс студенті, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: э.ғ.к. **Казмұхаметова А.А.**

Аннотация. Мақалада Қаржылық есептілік халықаралық стандарттарына сәйкес жалдау есебінің ерекшеліктері, негізгі қағидалары қарастырылды. Стандарт жалға беруші мен жалға алушы арасындағы қарым-қатынастарды және олардың қаржылық есептілігін айқындайды. 16 «Жалдау» (IFRS) ҚЕХС ерекшеліктері мен қолдану тәсілдері ұйымдардың қаржылық жағдайын дұрыс көрсету үшін өте маңызды.

Кілт сөздер: жалдау, стандарт, жалдау шарттары, қаржылық жалдау, операциялық жалдау, активті тану, балансқа енгізу, жалдау төлемдерін есепке алу, амортизация

Features of hiring accounting in accordance with the International Financial Reporting Standard 16 (IFRS)

Zhanat Zhanerke Muratovna
Eurasian National University named after L. N. Gumilev
3rd year student of "Accounting and Auditing" EP, Kazakhstan
Research supervisor: c.e.s. **Kazmukhametova A.A.**

Annotation. Andatpa. The article discusses the features, basic principles of hiring accounting in accordance with International Financial Reporting Standards. The standard defines the relationship between landlord and tenant and their financial statements. 16" lease " features and methods of application of IFRS are very important for the correct presentation of the financial condition of organizations.

Keywords lease, standard, lease terms, financial lease, operating lease, asset recognition, balance sheet entry, lease payment accounting, depreciation.

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (ҚЕХС) ұйымдардың қаржылық есептілігін халықаралық деңгейде біркелкі көрсетуге бағытталған нормативтік құжаттар жиынтығы болып табылады. Бұл стандарттардың бірі - 16 «Жалдау» (IFRS) ҚЕХС. Аталған стандарттың мақсаты - жалдау келісімшарттарын бухгалтерлік есепте дұрыс көрсету және оларды қаржылық есептілікте дұрыс таныту. Жалпы, жалдау стандарты жалға беруші мен жалға алушы арасындағы қарым-қатынастарды және олардың қаржылық есептілігін айқындайды.

Жалдау келісімшарттарының бухгалтерлік есебі әртүрлі болуы мүмкін, өйткені олар екі жақтың да қаржылық есептілігіне әсер етеді. Осыған байланысты Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартының ерекшеліктері мен қолдану тәсілдері ұйымдардың қаржылық жағдайын дұрыс көрсету үшін өте маңызды.

16 «Жалдау» (IFRS) Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартының негізгі бағыты - жалдау келісімшарттарын екі тараптың қаржылық есептілігінде дұрыс көрсету. Бұған дейін қолданылған ҚЕХС (IAS) 17 стандартының орнына 2019 жылы ҚЕХС (IFRS) 16 «Жалдау» енгізілді, бұл жаңартылған стандарт жалға алушыларға да, жалға берушілерге де елеулі әсер етті [1].

ҚЕХС (IAS) 17 «Жалдау» стандартында жалдау екі негізгі категорияға бөлінеді: қызмет көрсету жалдауы және қаржылық жалдау. Қызмет көрсету жалдауы көбіне жылжымайтын мүлік пен құрал-жабдықтарды жалға алу кезінде қолданылады, ал қаржылық жалдау көбіне ұзақ мерзімді келісімшарттармен байланысты, мұнда жалға алушының пайдаланылатын мүлікті меншігіне алу мүмкіндігі бар.

Жалдау келісімшарттарын таныту: ҚЕХС (IAS) 17 стандартында жалға алушы жалға алынған мүліктің құнын өз активі ретінде тануы қажет, ал жалға беруші сол мүліктің құнын пассиві ретінде таниды. Бұған қоса, жалға алушы міндеттеме мен құқықтарды көрсететін баланстық жазбаларды жүргізеді.

Жалдау шарттары мен мерзімдері: Жалдау шарттары мен мерзімдері қаржылық есептіліктің дұрыс көрсетілуі үшін маңызды рөл атқарады. Қысқа мерзімді және төмен құнды мүлікке жасалған жалдау келісімшарттары бухгалтерлік есепте жеңілдетілген тәсілдермен көрсетілуі мүмкін. ҚЕХС (IFRS) 16 стандарты жалға алушыларға қысқа мерзімді және төмен құнды активтер бойынша бухгалтерлік жеңілдіктер ұсынады [2].

Жалдау шарттары бойынша есеп жүргізу: Жалдау келісімшарттарының әрбір категориясы үшін арнайы есеп жүргізу тәсілдері мен әдістері бар. Жалдаушы тарапқа жалдау келісімшартының бастапқы құны мен төлемдер туралы мәліметтер қажет болады.

Жалдаушының қаржылық есептілігі: ҚЕХС (IFRS)16 стандарты бойынша жалға алушы жалға алу келісімшарттарын баланста «активтер» ретінде көрсетеді, әрі жалға алынған мүлік үшін төленетін төлемдер бойынша міндеттемелерді де тіркейді. Жалға алушы бұл міндеттемелерді тікелей жалдау кезеңдерінде кезең-кезеңмен өтеуі тиіс.

ҚЕХС (IAS) 17 мен ҚЕХС (IFRS)16 арасындағы негізгі айырмашылықтарды қарастырайық (кесте 1).

Кесте 1 –Жалдау стандарттарының айырмашылықтары

Критерий	ҚЕХС (IAS) 17	ҚЕХС (IFRS)16
Қолданылу мерзімі	ҚЕХС (IAS)17 2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылды.	ҚЕХС (IFRS) 16 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.
Жалдау түрлерінің жіктелуі	Жалдау екі түрге бөлінеді: операциялық және қаржылық.	Жалдау тек бір түрге бөлінеді: барлық жалдау операциялары баланста көрсетіледі.
Операциялық жалдау	Операциялық жалдау тек қосымша ақпарат ретінде көрсетіледі, баланста көрсетілмейді.	Операциялық жалдау жалға алушының балансында актив және міндеттеме ретінде көрсетіледі.
Қаржылық есептілік	Қаржылық жалдау кезінде жалға алушы активті және міндеттемені баланста көрсетеді. Операциялық жалдау болса, тек төлемдер шығын ретінде есептеледі.	Барлық жалдау түрлері бойынша жалға алушы жалға алынған активті және міндеттемені баланста көрсетеді.
Жалдау төлемдері	Операциялық жалдау бойынша төлемдер шығын ретінде есептеледі. Қаржылық жалдау бойынша төлемдер қарызды өтеу және пайыздық шығын ретінде көрсетіледі	Жалдау төлемдері қарызды өтеу және пайыздық шығындар түрінде бөлініп көрсетіледі
Балансқа енгізу	Операциялық жалдау үшін актив пен міндеттеме көрсетілмейді. Қаржылық жалдау бойынша ғана актив пен міндеттеме баланста көрсетіледі	Барлық жалдау келісімдері бойынша жалға алынған мүлік пен жалға алу міндеттемесі баланста көрсетіледі
Қосымша ақпараттар	Операциялық жалдау бойынша қосымша ақпарат беріледі	Барлық жалдау келісімдері туралы қосымша ақпарат берілуі міндетті
Актілерді бағала	Қаржылық жалдау кезінде активті сатып алу құнымен немесе қолданыстағы жалдау шарттары негізінде бағалайды	Жалдау активтері бастапқы тану кезеңінде дисконтталған жалпы төлемдермен бағаланады
Ескерту - [2], [3] әдебиеттер негізінде құрастырылды		

Бұл кестеде ҚЕХС (IFRS)16 бойынша барлық жалдау түрлері баланста актив пен міндеттеме ретінде көрсетіледі, ал ҚЕХС(IAS)17 бойынша тек қаржылық жалдау баланста ескерілетін еді, ал операциялық жалдау қосымша ақпарат ретінде көрсетілетін.

ҚЕХС (IFRS)16 «Жалдау» стандартының қабылдануы бухгалтерлік есепте жалдау келісімшарттарын есепке алу мен тануды айтарлықтай өзгертті. Бұл стандарт жалға алушыларға қаржылық есептілігін дұрыс көрсетуге мүмкіндік береді, әрі олардың қаржылық жағдайын тиімді басқаруға көмектеседі. Сонымен қатар, стандарттың жаңа талаптары жалға берушілер үшін де маңызды болып табылады, өйткені олар жалға алынған активтерді дұрыс бағалап, есепке алуы қажет.

Жалдау келісімшарттарының есебін жүргізу кезінде қолданылатын әдістер мен кестелер кәсіпорындардың қаржылық нәтижелерін есептеу мен болашақта қабылданатын экономикалық шешімдерді дәлелдеуде маңызды рөл атқарады.

ҚЕХС (IFRS)16 жалдау есептілігіне арналған стандарт болып табылады, ол екі негізгі жалдау түрін жіктеген:

1. Қаржылық жалдау – жалға алушы мен жалға беруші арасында активті немесе міндеттемені уақытша пайдалануға беру арқылы жалға беру.

2.Операциялық жалдау – жалға алу келісімі бойынша активті уақытша пайдалану, бірақ жалға алушыда активтің меншікті құқықтары жоқ [4].

Негізгі Ерекшеліктері:

1. Жалдау түрлерінің жіктелуі:

- Қаржылық жалдау– бұл жалға алушының активтің меншігіне өтетін немесе активті қолдану мерзімінің едәуір бөлігі үшін қолданылатынын білдіретін келісімдер. Мұндай жағдайда жалға алушы активті балансына кіргізіп, оны амортизациялайды, ал жалдау міндеттемесін де балансқа енгізеді.

- Операциялық жалдау – бұл жалға алушы активті қолдану құқығына ие болғанымен, активтің меншігіне өтпейді. Операциялық жалдау бойынша жалға алушы тек жалға алу төлемдерін шығын ретінде есепке алады.

2. Жалдау есептілігі:

- Қаржылық жалдау – жалға алушы жалға алынған активті баланста көрсетуі қажет, ал сол активке қатысты міндеттемені де көрсету керек. Мұндай актив баланста меншікті актив ретінде көрсетіледі, ал міндеттеме – қарыз ретінде. Бұл актив амортизацияланады және жалға алу міндеттемесі бойынша пайыздық шығындар есептеледі.

- Операциялық жалдау – операциялық жалдау бойынша жалға алушы тек жалға алынған мүлік үшін төлейтін жалға алу төлемдерін шығын ретінде есепке алады, бірақ бұл актив пен міндеттеме баланста көрсетілмейді. Жалға алу төлемдері жедел шығындар ретінде көрсетіледі.

3. Шарттар мен классификация:

- Қаржылық жалдау – жалға алу келісімінің шарттары мен нақты шарттарына байланысты, жалға алушы активтің нақты пайдалану құқығын немесе оған тең құқығын алады деп саналады.

- Операциялық жалдау – активтің меншікті құқығы жалға берушіде қалады және жалға алушының активке қатысты нақты құқықтары жоқ, сондықтан ол тек жалға алу төлемдерін төлейді.

4. Балансқа енгізу:

- Қаржылық жалдау кезінде жалға алынған актив пен оған қатысты міндеттеме жалға алушының балансында көрсетіледі.

- Операциялық жалдау кезінде жалға алушы тек жалға алу төлемдерін есептейді, актив пен міндеттеме баланста көрсетілмейді.

5. Қаржылық есептілікте көрсетілуі:

- Қаржылық жалдау бойынша жалға алушының балансында актив пен міндеттеме болады. Жалға алынған актив амортизацияланады, ал жалға алу міндеттемесі бойынша пайыздар есептеледі.

- Операциялық жалдау бойынша тек жалға алу төлемдері шығын ретінде есептеледі, ал активтер мен міндеттемелер балансқа енгізілмейді.

6. Жалдаудың мерзімі мен шарттары:

ҚЕХС (IFRS)16 бойынша жалдау келісімінің нақты шарттары мен мерзімі активтің меншіктік құқығын беру немесе тек пайдалануға беру дегенге байланысты маңызды болып табылады [5].

Қаржылық және операциялық жалдау арасындағы айырмашылықтар бойынша операциялар(кесте 2).

Кесте 2 - Қаржылық және операциялық жалдау арасындағы айырмашылықтар бойынша операциялар

Қадам/Операция	Қаржылық жалдау	Операциялық жалдау
Активті тану	Баланста "Жалдау активі" ретінде көрсетіледі	Актив баланста көрсетілмейді
Міндеттеме	Баланста "Жалдау міндеттемесі" ретінде көрсетіледі	Міндеттеме баланста көрсетілмейді
Амортизация	Актив амортизацияланады	Амортизация есептелмейді
Жалдау төлемдерін есепке алу	Жалдау төлемдері пайыздық шығындар және қарызды өтеу ретінде бөлінеді	Тек жалға алу төлемдері шығын ретінде есептеледі
Қосымша ақпарат беру	Тек қаржылық жалдау туралы қосымша ақпарат беріледі	Операциялық жалдау туралы қосымша ақпарат беріледі

Пайыздық шығындар	Пайыздар есептеледі және есепті кезеңде көрсетіледі	Пайыздық шығындар жоқ
Ескерту - [4], [5] әдебиет негізінде автормен құрастырылды		

Бухгалтерлік есепте жалдау бойынша операциялар келесі шоттарда қарастырылады:

- 1260 - Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
- 2160- Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек
- 3360 - Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек
- 4150 - Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешек
- 6130 - Қаржылық жалдаудан түскен кірістер
- 6260 - Операциялық жалдаудан түскен кірістер
- 7320 - Қаржылық жалдау бойынша пайыз төлеуге шығатын шығыстар
- 7450 - Операциялық жалдау бойынша шығыстар

Мысалы: Жалға алушыда қаржыландырылған жалдауға алынған активтер 2410 «Негізгі құралдар» шотының дебетінде және 4150 «Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешек» шотының кредитінде көрсетіледі. Жалға алынған активтер үшін төленуге тиісті сый-ақы (пайыз) сомасына 7320 «Қаржылық жалдау бойынша пайыз төлеуге шығатын шығыстар» шоты дебеттелініп 4050 «Төлеуге арналған ұзақ мерзімді сыйақылар» шоты кредиттелінеді.

Қорытындылай келе, ҚЕХС (IFRS)16 жалдау есебінің ерекшелігі қаржылық есептілікті дайындауда, жалға беру шарттарын дұрыс тануда және олардың қаржылық жағдайға әсерін есептеуде маңызды рөл атқарады. Бұл есептеудің дұрыстығы компанияның қаржылық жағдайын дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Жалға алушы мен жалға беруші арасындағы құқықтар мен міндеттерді, сондай-ақ жалдау шарттарының ұзақтығы мен түрлерін ескере отырып, есептің дұрыстығын қамтамасыз ету керек. ҚЕХС (IFRS)16 стандарты жалға алушыларға жалға алынған мүліктерді баланста көрсету қажеттілігін міндеттейді, бұл компанияның қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Сонымен қатар, жалға берушілердің есептеулері де ерекше назарды қажет етеді, өйткені олар келісім шарттарын дұрыс тануы және табыс есебін жүргізуі керек. Осылайша, Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартының негізінде жүргізілетін жалдау есебі ұйымдардың қаржылық деректерінің анықтығын және сенімділігін арттыруға бағытталған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Жалдау» 17 (IAS) Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарты (2014 ж.)
//<https://online.zakon.kz/Document>
- 2.Тулешова Г.К., Акимова Б.Ж., Сапарбаева С.С. Ілгерілемелі қаржылық есеп: Оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2017. – 232 б.
3. 16 ҚЕХС (IFRS) «Жалдау» <https://online.zakon.kz/Document>
4. Құдайбергенова А. Б. «Қаржылық есептілік және халықаралық стандарттар». Оқу Құралы- Алматы: Экономика. 2020. - 178 б.
5. Қаржылық жалдау жөніндегі операциялардың есебі // <https://www.zharar.com/kz>